



БАҚ арналған байланыстар:

Болат Асылханов

Тел: +7(701) 7625165

bassylkhanov@gratanet.com

BSA жаңа зерттеуіне сәйкес Қазақстан Республикасында лицензиялық емес БҚ қолдану деңгейі 74% құрады

Қазақстан Республикасы – 2018 жылғы 30 мамыр – Кибератакалардың тәуекелін қысқарту және пайданы арттыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы компаниялар өздерінің ИТ-инфрақұрылымындағы бағдарламалық қамсыздандыруды тексеру және лицензиялық емес БҚ жою қажет. Бұл «Бағдарламалық қамсыздандыру нарығын ғаламдық зерттеуде» (BSA Global Software Survey) ұсынылған, оның нәтижелері бүгін BSA | The Software Alliance Бағдарламалық қамсыздандыру өндірушілері қауымдастығымен жарияланды.

Шолу жасау барысында Қазақстан Республикасында компьютерлерге орнатылған 74% бағдарламалық қамсыздандыру қажетті лицензияларға ие еместігі анықталды. 2016 жылы шығарылған BSA алдыңғы зерттеулерімен салыстырғанда көрсеткіштер 1 пайыздық тармаққа артқан.

Бүкіл әлемдегі ұйымдар бағдарламалық қамсыздандыруды бизнес-процестерді жетілдіру, пайданы арттыру, жаңа нарықты игеру және бәсекелестек артықшылықтарды арттыру үшін қолданады. Қалай болғанда да, осы жағдайларға лицензиялық емес БҚ кеңінен таралуы жиі кедергі келтіреді және қауіпсіздіктің маңызды қауіптерін тудырады.

Лицензиялық емес БҚ пайдалану салдарын жақсы түсіну үшін, BSA «2018 жылға арналған бағдарламалық қамсыздандыру нарығын ғаламдық зерттеу. Бағдарламалық қамсыздандыруды басқару: қауіпсіздік кепілдіктері, бизнес үшін мүмкіндіктер» (2018 Global Software Survey: Software Management: Security Imperative, Business Opportunity) әзірледі. Кіріспеді 110 астам елдердегі және аймақтардағы дербес компьютерлерде орнатылған лицензиялық емес БҚ көлемі мен құны бойынша әртүрлі деректер, сондай-ақ 23 000 үйдегі пайдаланушылар, кәсіпорын қызметкерлері мен ақпараттық технологиялар жөніндегі директорлардан сұрау алу нәтижелері ұсынылады.

«Бүкіл әлемдегі ұйымдар экономикалық пайданы және ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты артықшылықтарды жіберіп алады, олар тиімді басқарылатын бағдарламалық қамсыздандыруды құрайды, – деп атап өтеді BSA | The Software Alliance Бағдарламалық қамсыздандыру өндірушілері қауымдастығының Президенті және Бас директоры Виктория Эспинель. – Компаниялар өздерінде орнатылған бағдарламалық қамсыздандыруды толығымен бақылау үшін бағдарламалық активтерді басқару процестерін (SAM, Software Asset Management) ендіруі тиіс. Бұл өз кезегінде, ұйымдарға

бизнес үшін қауіпті салдарға алып келетін кибератакалардың тәуекелін азайтуға және пайдаға оң әсер етуге мүмкіндік береді».

Зерттеудің негізгі қорытындылары:

- **Әлемде лицензиялық емес БҚ пайдалану бірнеше есеге қысқарғанына қарамастан, ол бұрынғыша кеңінен таралған.** Лицензиялық емес БҚ бүкіл әлемде белсенді пайдаланылады және дербес компьютерлерге орнатылған бағдарламалық қамсыздандырудың жалпы көлемінің 37% құрайды. Бұл көлем 2016 жылдан бастап 2 пайыздық тармаққа төмендеді.
- **Ақпараттық технологиялар бойынша директорлар лицензиялық емес БҚ пайдалану қауіпті және қымбат екендігін айтады.** Лицензиялық емес БҚ зиянды бағдарламалармен жұқтыру бүкіл әлемдегі компаниялар үшін жылына шамамен 359 млрд. АҚШ долларды құрайды. Ақпараттық технологиялар бойынша директорлар деректерге заңсыз қолжеткізу және зиянды бағдарламаларды құрайтын басқа қауіпсіздік қатерлері – корпоративтік желілерді лицензиялық БҚ толығымен ауыстыруды қамтамасыз ету үшін – №1 себеп екендігін атап өтті.
- **Бағдарламалық қамсыздандыруға қойылатын лицензиялық талаптарға сәйкестік енді компанияның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптармен қатар, экономикалық көрсеткіштерге оң әсер етеді.** Бағдарламалық қамсыздандыруды басқаруды жақсартудың тәжірибелік қадамын қабылдайтын компаниялар пайданың шамамен 11% дейін өсуін есептей алады.
- **Ұйымдар бағдарламалық қамсыздандыруды басқаруды жақсартудың маңызды қадамын қабылдай алады.** Зерттеулер, бағдарламалық активтерді басқарудың сенімді бағдарламаларын (SAM) және бағдарламалық қамсыздандыруға лицензияны оңтайландыру бағдарламаларын ендіру есебінен БҚ жыл сайынғы шығындарын 30% дейін үнемдей алатындығын көрсетті.

Жүргізілген талдау, компаниялар бағдарламалық қамсыздандыруды басқару тиімділігін арттыру үшін SAM бағдарламаларын ендіруді қоса алғанда, іс-шараларды қабылдай алады, және осының арқасында табысты арттырып, қауіпсіздікке байланысты тәуекелді төмендетеді және өзің үшін жаңа мүмкіндіктерді ашуға көмектеседі.

Бағдарламалық қамсыздандыру нарығын ғаламдық зерттеудің толық мәтіні, соның ішінде елдер бойынша бөлінген, келесі мекенжайда ұсынылған: www.bsa.org/globalstudy.

###

BSA қауымдастығы туралы:

BSA | The Software Alliance Бағдарламалық қамсыздандыру өндірушілері қауымдастығы (www.bsa.org) бағдарламалық қамсыздандырудың ғаламдық индустрия мүдделерін ұсынатын ірі ұйым болып табылады. Қауымдастық елдердің үкіметтерімен өзара әрекет етеді және халықаралық нарықта танылған. Колумбия округі, Вашингтондағы штаб-пәтерімен BSA бүкіл әлемдегі 60 нарықта орналасқан. Қауымдастық заңды БҚ пайдалануға ықпал ететін бастамаларды іске асырумен айналысады және технологиялық инновацияларды дамытуға және цифралық экономиканың өсуіне бағытталған саясатты әзірлеуге көмектеседі. [@BSAnews](https://twitter.com/BSAnews) жазылыңыз.